

«R-Finance» МҚҰ» ЖШС-ның
2024 жылғы «17» 09
№ 67-02 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН



**«R-Finance» Микроқаржы ұйымы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

Астана, 2024 жыл

1. Негізгі терминдер

1) **Дербес деректерді бұғаттау** – дербес деректерді жинауды, жинақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді және жоюды уақытша тоқтату жөніндегі іс-әрекеттер;

2) **Дербес деректерді қорғау** – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мақсаттарда жүзеге асырылатын шаралар, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені;

3) **Дербес деректерді пайдалану** – меншік иесінің, оператордың және үшінші тұлғаның қызмет мақсаттарын іске асыруға бағытталған дербес деректермен жасалатын іс-әрекеттер;

4) **Дербес деректерді жинақтау** – дербес деректерді қамтитын базаға дербес деректерді енгізу арқылы оларды жүйелендіру жөніндегі іс-әрекеттер;

5) **Дербес деректерді иесіздендіру** – жасалуы нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілігін анықтау мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;

6) **Дербес деректерді өңдеу** – дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер;

7) **Дербес деректерді қамтитын базаның операторы (бұдан әрі – оператор)** – дербес деректерді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға. Осы Саясатта «оператор» термині «R-Finance» МҚҰ» ЖШС-ге қатысты;

8) **Дербес деректер** – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер;

9) **Дербес деректерді тарату** – жасалуы нәтижесінде дербес деректер берілетін, оның ішінде масс-медиа арқылы берілетін немесе қандай да бір өзгеше тәсілмен дербес деректерге қол жеткізу ұсынылатын іс-әрекеттер;

10) **Дербес деректерді жинау** – дербес деректерді алуға бағытталған іс-әрекеттер;

11) **Дербес деректер субъектісі** – дербес деректер тиесілі жеке тұлға;

12) **Дербес деректерді трансшекаралық беру** – дербес деректерді шет мемлекеттің аумағына, шет мемлекеттің билік органына, шетелдік жеке тұлғаға немесе шетелдік заңды тұлғаға беру;

13) **Үшінші тұлға** – субъект, меншік иесі және (немесе) оператор болып табылмайтын, бірақ дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау бойынша олармен (онымен) мән-жайлар немесе құқық қатынастары арқылы байланысты болатын тұлға;

14) **Дербес деректерді жою** – жасалуы нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;

15) **Дербес деректерді сақтау** – дербес деректердің тұтастығын, құпиялылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттер.

2. Жалпы ережелер

1. «R-Finance» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Дербес деректерді өңдеу саласындағы саясаты (бұдан әрі – Саясат) дербес деректерді өңдеудің жалпы қағидаттарын, дербес деректермен жұмыс істеу қағидаларын айқындайтын «R-Finance» МҚҰ» ЖШС-ның (бұдан әрі – Компания, оператор) негізгі ішкі құжаты болып табылады.

2. Саясаттың мақсаты адамның және азаматтың дербес деректерін жинау және өңдеу кезінде оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде жеке өмірге қолсұғылмаушылық, жеке және отбасы құпиясы құқықтарын қорғау, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын нақты және мүлтіксіз сақтау болып табылады.

3. Саясат Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

4. Саясат дербес деректерді өңдеудің мақсаттарын, жалпы қағидаттары мен тәсілдерін, дербес деректер субъектілерінің тізбелерін, дербес деректер субъектілерінің құқықтарын, сондай-ақ іске асырылатын дербес деректерді қорғау шараларын айқындайды.

5. Саясат Компанияның барлық қызметкерлеріне қолданылады. Компанияның контрагенттері дербес деректерді өңдеу процесіне қатысуы қажет болған кезде, сондай-ақ келісімдер, шарттар, өңдеуге арналған тапсырмалар негізінде оларға дербес деректерді белгіленген тәртіппен берген жағдайларда, Саясаттың ережелері оларға қатысты ескеріледі және ұсынылады.

6. Саясат дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін есептеу техникасы құралдарын пайдалана отырып, оның ішінде ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып, сондай-ақ мұндай құралдарды пайдаланбай жинау, өңдеу жүзеге асырылатын Компанияның барлық операциялары мен процестеріне қолданылады.

7. Саясат Компанияның ресми сайтында жариялау арқылы тұлғалардың шексіз тобын таныстыруға арналған.

3. Дербес деректерді жинау, өңдеу қағидаттары

8. Компанияның дербес деректерін өңдеу Компания қызметкерлерінің және басқа да дербес деректер субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, оның ішінде келесі қағидаттар негізінде жеке өмірге қолсұғылмаушылық, жеке және отбасы құпиясы құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріле отырып жүзеге асырылады:

1) дербес деректерді өңдеу заңдылық және әділеттілік негізінде жүзеге асырылады;

2) дербес деректерді өңдеу нақты, алдын ала айқындалған және заңды мақсаттарға жетумен шектеледі;

3) дербес деректерді жинау мақсаттарымен үйлеспейтіндей етіп дербес деректерді өңдеуге жол берілмейді;

4) өңделуі бір-бірімен үйлеспейтін мақсаттарда жүзеге асырылатын дербес деректерді қамтитын дерекқорларды біріктіруге жол берілмейді;

5) өңдеу мақсаттарына жауап беретін дербес деректер ғана өңделуге жатады;

6) өңделетін дербес деректердің мазмұны мен көлемі көрсетілген өңдеу мақсаттарына сәйкес келеді. Мазмұны мен көлемі дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қатысты артық болып табылатын дербес деректер өңделуге жатпайды;

7) дербес деректерді өңдеу кезінде дербес деректердің дәлдігі, олардың жеткіліктілігі, ал қажет болған жағдайда дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қатысты өзектілігі қамтамасыз етіледі.

9. Компания толық емес немесе дәл емес дербес деректерді жою немесе нақтылау бойынша қажетті шараларды қабылдайды не оларды қабылдауды қамтамасыз етеді;

10. Дербес деректерді сақтау, егер дербес деректерді сақтау мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында, дербес деректер субъектісі тарапы, пайда алушы немесе кепілгер болып табылатын шартта белгіленбесе, дербес деректер субъектісін дербес деректерді өңдеу мақсаттары талап ететіннен аспайтын мерзімде айқындауға мүмкіндік беретін нысанда жүзеге асырылады.

11. Дербес деректерді өңдеу кезінде дербес деректердің дәлдігі, олардың жеткіліктілігі, ал қажет болған жағдайда дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қатысты өзектілігі қамтамасыз етілуі тиіс.

12. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Компания дербес деректерді дербес деректер субъектісін дербес деректерді өңдеу мақсаттары мен міндеттері талап ететіннен аспайтын мерзімде айқындауға мүмкіндік беретін нысанда сақтайды және дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін немесе осы мақсаттарға қол жеткізу қажеттілігін жоғалтқан жағдайда жояды.

4. Дербес деректерді өңдеу мақсаттары

13. Өңделетін дербес деректердің мазмұны мен көлемі өңдеу мақсаттарына сәйкес айқындалады. Мынадай негізгі мақсаттарға қатысты артық болып табылатын немесе үйлеспейтін дербес деректер өңделмейді:

1) Компания қызметкерлерімен еңбек қатынастарын реттеу, оның ішінде жұмысқа орналастыру, оқыту және жұмыс бабында жоғарылау, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету, орындалатын жұмыстың саны мен сапасын бақылау, мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;

2) Компанияның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру шеңберінде Компанияның немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру не қоғамдық маңызы бар мақсаттарға қол жеткізу;

3) Компанияның клиенттермен және Компанияның контрагенттерімен шарттық қатынастары;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек, бухгалтерлік, зейнетақы, өзге де заңнамаларын сақтау;

5) Компания объектілерінде өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету;

6) Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасына сәйкес орындалуға жататын сот актілерін, басқа органдардың немесе лауазымды адамдардың актілерін орындау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда.

5. Дербес деректер субъектілерінің санаттары, өңделетін дербес деректердің мазмұны мен көлемі

14. Деректерін Компания өңдейтін дербес деректер субъектілерінің негізгі санаттарына мыналар жатады:

1) Компания қызметкерлері – еңбек қатынастарына байланысты және нақты қызметкерге қатысты Компанияға қажетті дербес деректер;

2) Компаниядағы жұмысқа кандидаттар – кандидаттың Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияда белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешім қабылдау үшін қажетті дербес деректер;

3) еңбек қатынастары тоқтатылған Компания қызметкерлері – Компания қызметкермен еңбек шарты тоқтатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өңдеуге міндетті дербес деректер;

4) Компанияға қатысты үлестес тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалардың үлестес тұлғалары, басшылары, акционерлері (қатысушылары) немесе қызметкерлері – Компанияның қызметін жүзеге асыру үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компанияның қызметі туралы есепті құжаттарда көрсету үшін қажетті дербес деректер;

5) Компанияның клиенттері – клиенттермен шарттық қатынастар және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары шеңберінде Компанияның өз міндеттемелерін орындауы үшін қажетті дербес деректер;

6) Компанияның контрагенттері – шарттар жасасу, контрагенттермен операциялар мен мәмілелер жүргізу және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау туралы мәселелерді қарау мақсатында Компанияға қажетті дербес деректер;

7) Компанияның әлеуетті клиенттері, контрагенттері – шарттар жасасу, әлеуетті клиенттермен, контрагенттермен операциялар мен мәмілелер жүргізу және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау туралы мәселелерді қарау мақсатында Компанияға қажетті дербес деректер;

8) клиенттердің, пайда алушылардың, бенефициарлық иелердің өкілдері – клиенттермен шарттық қатынастар және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары шеңберінде өз міндеттемелерін орындау үшін Компанияға қажетті дербес деректер;

9) кепіл берушілер, кепілгерлер – шарттық қатынастар және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары шеңберінде міндеттемелерді орындау үшін Компанияға қажетті дербес деректер;

10) жасалған шарттар және (немесе) дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім негізінде дербес деректерін басқа тұлғалар Компанияға берген дербес деректердің басқа субъектілері.

15. Дербес деректер субъектілерінің көрсетілген санаттары үшін: тегі, аты, әкесінің аты; жылы, айы, туған күні; туған жері, мекенжайы; отбасылық жағдайы; әлеуметтік жағдайы; мүліктік жағдайы; білімі; кәсібі; кірістері; ЖСН, байланыс ақпараты (телефон, электрондық пошта мекенжайы), үлгілік нысандарда және өңдеудің белгіленген тәртібімен көзделген өзге де мәліметтер өңделуі мүмкін.

16. Компания дербес деректер субъектісінің нәсілдік, гендерлік, ұлттық қатыстылыққа, саяси көзқарастарға, діни нанымдарға, денсаулық жағдайына, интимдік өмірге қатысты дербес деректерін жинауды, өңдеуді жүзеге асырмайды.

17. Компания дербес деректер субъектісі ұсынған дұрыс емес ақпарат үшін жауапты емес. Компания дербес деректер субъектісінің анық және аса дербес ақпаратты ұсынатындығына және осы ақпаратты өзекті күйде ұстайтындығына негізделеді.

6. Дербес деректер субъектісінің дербес деректерін алу, дербес деректер субъектісінің дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім беру тәртібі

18. Дербес деректер субъектісінің дербес деректерін жинауды, өңдеуді Компания дербес деректер субъектісінің келісімімен жүзеге асырады. Компанияның дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін:

1) дербес деректер субъектісінің өз деректерін жеке хабарламасы не құжаттарды ұсынуы;

2) клиенттерден, контрагенттерден;

3) қолжетімді көздерден;

4) Компанияның ресми сайтының кез келген бөлімінде дербес деректер субъектісінің өз деректерін енгізуі;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдер арқылы жинауына жол беріледі.

19. Дербес деректер субъектісі немесе оның заңды өкілі дербес деректерді жинауға, өңдеуге жазбаша нысанда, электрондық құжат нысанында, дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету сервисі арқылы не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау іс-қимылдарының элементтерін қолдана отырып, өзге де тәсілмен келісім бере алады.

20. Дербес деректер субъектісінің дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімі болмаған жағдайда, Компания мұндай жинауды және өңдеуді жүзеге асырмайды.

21. Үшінші тұлғалардан (клиенттерден, контрагенттерден) дербес деректерді алған жағдайда, осындай дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге келісім алу жөніндегі міндет осы үшінші тұлғаларға жүктеледі.

22. Жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінен дербес деректерді алған жағдайда дербес деректер субъектілерінің келісімін алу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес талап етілмейді.

7. Дербес деректердің құпиялылығы

23. Компания қызметкерлерінің және дербес деректерді жинауға, өңдеуге жіберілген өзге де тұлғалардың тізбесі Компанияның ішкі құжаттарымен айқындалады. Аталған тұлғалар жұмыс басталғанға дейін:

1) Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасының ережелерімен, оның ішінде дербес деректерді қорғау тәртібіне қойылатын талаптармен;

2) дербес деректерді жинауға, өңдеуге қатысты оператордың іс-әрекетін айқындайтын құжаттармен, оның ішінде осы Саясатпен;

3) дербес деректерді жинау, өңдеу мәселелері бойынша Компанияның ішкі құжаттарымен танысуы тиіс.

24. Дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қолжетімділік Компанияның қызметкерлеріне өз лауазымдық міндеттеріне сәйкес беріледі.

25. Дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін өңдеуді жүзеге асыратын Компания қызметкерлері мұндай өңдеу фактісі туралы, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген осындай өңдеудің ерекшеліктері мен ережелері туралы хабардар болуы тиіс.

26. Компания қызметкерлері құпиялылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді және мұндай талаптардың бұзылуына байланысты салдарлар үшін жауапты болады.

27. Компания дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін жалпыға қолжетімді көздерде орналастырмайды.

28. Компания дербес деректерді өңдеуді осы тұлғамен жасалатын шарт негізінде дербес деректер субъектісінің келісімімен үшінші тұлғаға тапсыруға құқылы.

29. Шартта дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын тұлғаның дербес деректермен жасайтын іс-қимылдар (операциялар) тізбесі, өңдеу мақсаттары, осындай тұлғаның дербес деректердің құпиялылығын сақтау және оларды өңдеу кезінде дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өңделетін дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптар қамтылуға тиіс.

8. Дербес деректерді жинақтау және сақтау

30. Дербес деректерді жинақтау оператор жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректерді жинау арқылы жүргізіледі.

31. Өңдеу мақсаттары әртүрлі дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін сақтау ақпараттық жүйе шеңберінде немесе Компанияның тиісті бөлімшесінің істер құрылымы шеңберінде материалдық жеткізгіштерде сақтау жағдайында бөлек жүзеге асырылады.

32. Дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін сақтауды Компания дербес деректер субъектісін айқындауға мүмкіндік беретін нысанда жүзеге асырады.

33. Дербес деректерді сақтау мерзімі – егер дербес деректерді сақтау мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында, шартта белгіленбесе немесе дербес деректерді өңдеуге келісім шарттарында айқындалмаса не дербес деректер субъектісі дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімді кері қайтарып алуға өзінің ниеті туралы мәлімдеген сәтке дейін дербес деректерді өңдеу мақсаттары талап ететіннен артық емес.

34. Егер дербес деректер толық емес, ескірген, анық емес, заңсыз алынған болса немесе мәлімделген өңдеу мақсаты үшін қажет болып табылмаса, дербес деректер субъектісі өзінің дербес деректерін жоюды жазбаша нысанда талап етуге құқылы.

35. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Компания дербес деректерді, егер олар артық болып табылса не оларды жинау мен өңдеу мақсаттарына қол жеткізілсе, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда жою не иесіздендіру үшін ақылға қонымды шаралар қолданады.

36. Егер дербес деректер субъектісі өзінің дербес деректерін жойғысы немесе оларды өңдеуді тоқтатқысы келсе, бұл оператордың бұдан былай өзінің жеке деректерін қайтарып алған дербес деректер субъектісіне өзара әрекеттесе алмайтынын немесе қызмет көрсете алмайтынын білдіруі мүмкін.

37. Дербес деректер субъектісі немесе оның заңды өкілі дербес деректерді жинауға, өңдеуге берген келісімді, егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе не Компания алдында орындалмаған міндеттемесі болған кезде кері қайтарып ала алмайды.

9. Дербес деректерді қорғау

38. Дербес деректерді жинау, өңдеу кезінде Компания дербес деректерді заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, дербес деректерді жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, ұсынудан, таратудан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін барлық қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

39. Дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге келесідей қол жеткізіледі, атап айтқанда:

1) Компанияның осы Саясатты, дербес деректерді жинау, өңдеу мәселелері жөніндегі ішкі актілерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға, осындай бұзушылықтардың салдарын жоюға бағытталған рәсімдерді белгілейтін ішкі актілерді бекітуі;

2) Компанияның дербес деректерді жинауды, өңдеуді ұйымдастыруға жауапты бөлімшесін тағайындау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қолдану;

4) шарттарда дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету туралы тармақтардың бар-жоғын тексеру және қажет болған жағдайда оларды шарттарға енгізу;

5) Компания қызметкерлерінің және өзге де тұлғалардың дербес деректерге және өңдеу құралдарына қол жеткізуін шектеу және аражігін ажырату, дербес деректермен іс-қимыл мониторингі;

6) қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде белгіленген тәртіппен сәйкестікті бағалау рәсімінен өткен құралдарды (антивирустық құралдарды, желіаралық экрандарды, рұқсатсыз кіруден қорғау құралдарын, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын) қолдану;

7) дербес деректерді жинаудың, өңдеудің және сақтаудың Қазақстан Республикасының заңнамасына және оған сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілерге, дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптарға, осы Саясатқа және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкестігін ішкі бақылауды жүзеге асыру.

10. Дербес деректер субъектісінің құқықтары

40. Дербес деректер субъектісі оператор ретінде Компанияға жеке өзі жүгініп, дербес деректерді өңдеуге келісімін қайтарып алуға құқылы.

41. Дербес деректер субъектісі өзінің толық ақпаратын, оператор өңдейтін, оның ішінде:

1) оператордың дербес деректерді өңдеу фактісін растауын;
2) дербес деректерді өңдеудің құқықтық негіздері мен мақсаттарын;
3) оператор қолданатын дербес деректерді өңдеу тәсілдері мен мақсаттарын;
4) оператордың атауын және орналасқан жерін, дербес деректерге қол жеткізе алатын немесе оператормен жасалған шарт негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде дербес деректер жария етілуі мүмкін тұлғалар (оператордың қызметкерлерін қоспағанда) туралы мәліметтерді;

5) тиісті дербес деректер субъектісіне қатысты өңделетін дербес деректерді, егер мұндай деректерді берудің өзге тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, оларды алу көзін;

6) дербес деректерді өңдеу мерзімдерін, оның ішінде оларды сақтау мерзімдерін;

7) деректердің жүзеге асырылған немесе болжамды трансшекаралық берілуі туралы ақпаратты;

8) оператордың тапсырмасы бойынша дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын тұлғаның, егер өңдеу осындай тұлғаға тапсырылса немесе тапсырылатын болса, оның атауын немесе тегін, атын, әкесінің атын және мекенжайын;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтерді қамтитын дербес деректерін алуға және оларға қол жеткізуге құқылы.

42. Егер дербес деректер толық емес, ескірген, анық емес, заңсыз алынған болса немесе мәлімделген өңдеу мақсаты үшін қажет болып табылмаса, дербес деректер субъектісі оператордан өзінің дербес деректерін нақтылауды, бұғаттауды немесе жоюды талап етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз құқықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдауға құқылы.

43. Егер дербес деректер субъектісі оператордың оның дербес деректерін өңдеуді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүзеге асырады немесе өзге де жолмен оның құқықтары мен бостандықтарын бұзады деп санаса, дербес деректер субъектісі Қазақстан Республикасының дербес деректер саласындағы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүзеге асырылатын оператордың әрекетіне немесе әрекетсіздігіне дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасауға құқылы.

44. Дербес деректер субъектісі өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, оның ішінде залалдарды және (немесе) сот тәртібімен ақылақтық залал өтемақысын өндіріп алуға құқылы.

45. Дербес деректер субъектілерінің құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін Компанияда дербес деректер субъектілерінің өтініштерімен және сұрау салуларымен жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ дербес деректер субъектілеріне Қазақстан Республикасының дербес деректер саласындағы заңнамасында белгіленген ақпаратты беру тәртібі жүргізіледі.

46. Дербес деректер субъектісінің сұрау салуында дербес деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілінің жеке басын куәландыратын негізгі құжаттың нөмірі, көрсетілген құжаттың берілген күні және оны берген орган туралы мәліметтер, дербес деректер субъектісінің Компаниямен қатынастарға қатысуын растайтын мәліметтер (шарттың нөмірі, шарт жасалған күні, шартты ауызша белгі және (немесе) өзге де мәліметтер) не Компанияның дербес деректерді өңдеу фактісін басқаша жолмен растайтын мәліметтер, дербес деректер субъектісінің немесе оның өкілінің қолы, өтініш берген күні қамтылуы тиіс.

47. Компания қызметкерлері телефон немесе факс арқылы дербес деректерді беруге немесе жария етуге байланысты сұрақтарға жауап беруге құқығы жоқ, өткені мұндай жағдайда өтініш білдірген адамның жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік жоқ.

11. Оператордың құқықтары

48. Компанияның:

1) мәлімделген мақсатқа сәйкес дербес деректер субъектісінің дербес деректерін өңдеуге;

2) дербес деректер субъектісінен шартты орындау, қызмет көрсету, дербес деректер субъектісін сәйкестендіру үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда анық дербес деректерді ұсынуды талап етуге;

3) жеке тұлғалардың жалпыға қолжетімді дербес деректерін өңдеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жариялануға немесе міндетті түрде ашылуға жататын дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда дербес деректер субъектісінің өзінің дербес деректеріне қолжетімділігін шектеуге;

6) дербес деректерді өңдеуді дербес деректер субъектісінің келісімімен басқа тұлғаға тапсыруға құқығы бар.

12. Саясатты сақтау

49. Дербес деректерді өңдеу мен қорғауды реттейтін талаптар мен нормаларды бұзғаны үшін кінәлі Компания қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен материалдық, тәртіптік және өзге де жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

50. Оператор ретінде Компанияның тапсырмалары негізінде дербес деректерді өңдеуге қатысатын тұлғалардың дербес деректерді заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілігі оператор мен контрагент арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарттың немесе ақпараттың құпиялылығы туралы келісімнің талаптарына сәйкес белгіленеді.

13. Қорытынды ережелер

51. Саясат, сондай-ақ оған барлық толықтырулар мен өзгерістер Компанияның Бас директорының шешімімен бекітіледі, өзгертіледі, күші жойылды деп танылады.

52. Саясат қажеттілігіне қарай, оның өзектілігі мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қайта қаралады.

53. Саясатта көрініс таппаған барлық мәселелер бойынша Компания Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Компанияның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

54. Егер Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін өзгерту нәтижесінде Саясаттың жекелеген ережелері оларға қайшы келсе, Саясатқа өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алған жөн.